

БЕКІТЕМІН



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
проф. Н.О. Дулатбеков
«28» 12 2023 ж.

Магистратура және докторантура білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу регламенті (28.12.2023 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №7 хаттамасы)

1. Регламенттің нормативтік негізі

1.1 Осы регламент магистратура, докторантура білім алушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды және барлық факультеттер мен Академиялық жұмыс департаментіне қолданылады.

1.2 Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі.

1.3 Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қорытынды аттестаттау форматы

2.1 Магистратура мен докторантура білім алушыларын қорытынды аттестаттау диссертация жазу мен қорғауды қамтиды.

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу шарттары

3.1 Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған, сондай-ақ жарияланымдар бойынша келесі талаптарды орындаған білім алушылар жіберіледі:

– магистранттар үшін - диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда бір жарияланым және (немесе) бүкіл оқу кезеңіндегі ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндамада;

– докторанттар үшін - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру қағидаларына, Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің МЖМБС сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері бойынша жарияланымдар.

3.2 Білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалдырылады.

3.3 Қорғауға жіберуге рұқсат алу мақсатында магистрант қорытынды аттестаттау басталғанға дейін үш ай бұрын диссертациялық жұмысты (жобаны) және рефератты алдын ала сараптамаға ұсынуы тиіс.

3.4. Магистранттың диссертациясы келесідей алдын ала сараптамадан өтеді:

1) «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде плагиаттың болуы тұрғысынан оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды тексеру тәртібі туралы регламентке» сәйкес антиплагиатқа тексеру. Егер мәтіннің бірегейлігі белгіленген нормативтен төмен болса, диссертация қорғауға жіберілмейді; аталған дерек кафедра отырысында талқыланады, шешім хаттамамен ресімделеді.

2) Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде білім алушының бітіру жұмысын дайындау регламентіне сәйкес жұмысты техникалық ресімдеуге қойылатын талаптардың сақталуын тексеру (нормалық бақылау). Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда диссертация магистрантқа 3 оқу күні ішінде пысықтау үшін қайтарылады.

3) қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын кафедраның ашық отырысы шеңберінде магистранттың, ғылыми жетекшінің міндетті қатысуымен өтетін алдын ала қорғау; алдын ала қорғау нәтижелері хаттамаланады;

4) 1-нысан бойынша диссертацияға пікір жазатын және «қорғауға жіберіледі немесе жіберілмейді» деген қорытынды беретін ғылыми жетекшінің/ ғылыми кеңесшінің (болған жағдайда) бағасы; пікір(-лер) кафедра меңгерушісіне ұсынылады; теріс пікір болған жағдайда ғылыми жетекші диссертацияға қол қоймайды және кафедра меңгерушісіне оның қорғауға жіберілмеуінің жазбаша негіздемесін жолдайды; пікір(-лер) магистрантқа алдын ала қорғаудан кейін 10 (он) күн ішінде беріледі;

5) кафедра меңгерушісінің диссертацияны қорғауға жіберу туралы шешім қабылдауы; шешім диссертацияның титулдық бетінде «қорғауға жіберу немесе жібермеу» жазбасы, күні мен қолы түрінде көрсетіледі. Кафедра меңгерушісінің теріс шешімі міндетті түрде магистрант пен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедраның арнайы отырысында қаралып, кафедра шешімі хаттамалануы тиіс;

6) қорғауға жіберу рұқсаты болған жағдайда диссертацияны рецензиялауға жіберу.

3.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберу факультет деканының ұсынысы және бітіртіп шығарушы кафедра меңгерушісі қол қойған магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну туралы кафедра отырысының шешімінен үзінді негізінде университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен ресімделеді. Магистранттарды жіберу туралы бұйрық жобасын Академиялық жұмыс департаменті дайындайды.

3.6 Магистрант ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын диссертацияның (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған жағдайда магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғайды.

3.7 Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамайды.

3.8 Рецензент оң қорытынды берсе де, теріс қорытынды берсе де білім алушы магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберіледі.

3.9 Магистрант қорытынды аттестаттау басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей аттестаттау комиссиясына:

- 1) қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі реферат;
- 2) еңбектерінің расталған тізімі;
- 3) қорғауға жіберу туралы шешімі бар кафедраның кеңейтілген отырысы хаттамасынан үзінді көшірме;
- 4) маманның рецензиясы;
- 5) магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісінің пікірі;
- 6) антиплагиат бағдарламасындағы тексеру нәтижелері;
- 7) Бітіру жұмыстары туралы регламентте көзделген нысан бойынша нормалық бақылау нәтижелері.

Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына бітіртіп шығарушы кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші, магистрант жауапты болады.

3.10 Докторанттың диссертациясы оқу орны бойынша кафедраның кеңейтілген отырысында қаралуы тиіс. Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), ғылыми консультанттар, сондай-ақ университеттің аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады. Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін кафедра меңгерушісі оқиды. Кеңейтілген отырыс өткізуден бір ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар екі маманға жолданады.

3.11 Докторанттар үшін зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауын тексеруді университеттің Әдеп комиссиясы жүзеге асырады. Осы мақсатта бітіртіп шығарушы кафедра Ғылым департаментіне «Әдеп комиссиясы туралы ереже» талаптарына сәйкес докторанттың диссертациясын университеттің Әдеп комиссиясының қарауына жіберу туралы ұсынысты жібереді.

3.12 Кафедраның кснейтілген отырысының және университеттің Әдеп комиссиясының оң қорытындысын алғаннан кейін докторант университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорына өзі қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

3.13 Докторанттың өтініші және Әдеп комиссияның шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың докторантты қорғауға жіберу туралы бұйрығы шығарылады. Докторанттарды қорғауға жіберу туралы бұйрықтың жобасын Ғылым департаменті дайындайды.

3.14 Егер докторант басқа жоғары оқу орнының диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған жоғары оқу орны 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереже талаптарына сәйкес диссертациялық кеңеске жібереді.

3.15 Ізденушінің құжаттарын диссертациялық кеңесте тіркеу, докторлық диссертациялар қорғауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде Диссертациялық кеңестер туралы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Аттестаттау комиссиясы

4.1 Университетте магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады.

4.2 аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

– бітіруші кадрлардың теориялық және практикалық дайындықтарының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

– тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлекке магистр дәрежесін беру;

– кадрлар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу кіреді.

4.3 Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.

4.4 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясының төрағасы болып ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар немесе ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін және Бөкетов университетінде жұмыс істемейтін тұлға тағайындалады (30.11.2022 ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).

4.5 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясы мүшелерінің құрамына бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар немесе академиялық

дәрежесі бар тұлғалар кіреді; бейінді магистратура үшін аттестаттау комиссиясының құрамына білікті мамандар-бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін практикалық қызметкерлер енгізілуі мүмкін. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясының сандық құрамы 4 адамнан аспайды.

4.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қарау және магистр дәрежесін беру бойынша аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын жүргізуді (әрбір магистрантқа жеке-жеке), аяқталғаннан кейін бітірушілердің құжаттарын аттестаттау комиссиясының отырыстарына дайындауды қамтитын тиісті құжаттаманы рәсімдеу үшін университет ректорының бұйрығымен аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы тағайындалады.

4.7 Аттестаттау комиссиясының отырысы кестеге сәйкес өткізіледі, ол аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

5. Рецензенттер

5.1 Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) рецензенттері жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіле отырып, бітіртiп шығарушы кафедра меңгерушiсiнiң ұсынысы бойынша жалпы тiзiммен Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекiтiледi.

5.2 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) рецензиялау ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, философия (PhD) докторы, бейіні бойынша доктор немесе магистр академиялық дәрежесі бар, біліктілігі қорғалатын диссертация (жоба) бейініне сәйкес келетін, басқа ұйымдардың мамандары тарапынан ғана жүзеге асырылады. Рецензенттерді тағайындау қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей бітіртiп шығарушы кафедра меңгерушiсiнiң ұсынысы негiзiнде Басқарма Төрағасының-Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.3 Рецензент магистрлік диссертация (жоба) мазмұнының сапасына 2-нысан бойынша баға береді. Рецензияның көшірмесі магистрантқа қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 10 (он) күн бұрын ұсынылады.

6. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау тәртібі

6.1 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау аттестаттау комиссиясы құрамының кемінде 50%-ы қатысқан ашық отырысында жария түрде өткізіледі.

6.2 Қорғау орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде, жекелеген жағдайларда басқа шет тілдерінде өткізілуі мүмкін.

6.3 Бір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ұзақтығы бір магистрантқа 30 минуттан аспауы тиіс.

6.4 Магистрантқа баяндама жасау үшін 15 минуттан артық уақыт берілмейді. Баяндаманы ғылыми жетекші алдын-ала тексеріп, жұмыстың

өзектілігі мен негізгі қорытындыларына шолу жасауы керек. Баяндама жасау көрнекі материалдармен немесе слайдтармен қатар жүргізілуі мүмкін. Баяндама аяқталғаннан кейін магистрант аттестаттау комиссиясы мүшелерінің және/немесе қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі тиіс.

6.5 Аттестаттау комиссиясының хатшысы ғылыми жетекшінің пікірін және сыртқы сарапшының пікірін оқиды. Егер ғылыми жетекші болса, онда ол жеке өзі сөйлейді. Пікір мен рецензиядағы барлық ескертулерге магистрант олардың мәні бойынша дәйекті түсініктемелер беруі немесе көрсетілген ескертулермен келісуі керек.

6.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша магистранттың теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және сыртқы сарапшының бағалауы негізінде балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады.

6.7 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен әрбір магистрантқа жеке ресімделеді және сол күні отырыстың соңында жарияланады.

7. Білім алушылардың нәтижелерін бағалау, қайта қорғау

7.1 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейін, сондай-ақ ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірін ескере отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес бағалар қойылады. Қорытынды аттестаттау бойынша бағалау критерийлері жоғары білімнің екінші деңгейдегі Дублин дескрипторларына (магистратура) сәйкес келуі тиіс. *(28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

7.2 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері откізілген күні жарияланады. Аттестаттау комиссиясы қорғау күні магистр дәрежесін береді. Техникалық хатшы әрбір бітіруші түлекке магистрлік диссертацияны қарау және магистр дәрежесін беру жөніндегі аттестаттау комиссиясы отырысының бірыңғай хаттамасын жеке толтырады.

7.3 Бағасын көтеру мақсатында магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға жол берілмейді.

7.4 Қанағаттанарлықсыз баға алған немесе магистрлік диссертацияны қорғауға келмеген адамның келесі академиялық кезеңде оны қайта өту мүмкіндігі бар. Адамды қайта аттестаттауға жіберу оның жеке өтініші және Басқарма төрағасы-университет ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Өтініш ағымдағы Академиялық күнтізбеге сәйкес жазғы немесе қысқы каникул кезінде берілуі тиіс. Қайта аттестаттаудан өту күні ағымдағы оқу жылының Академиялық күнтізбесі шеңберінде белгіленеді *(30.11.2022 ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).*

7.5 Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келе алмаған (аттестаттау комиссиясының жұмысы кезеңінде) білім алушы аттестаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себепін растайтын

құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша магистрлік диссертацияны (жобаны) аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні қорғайды.

7.6 Дипломға (транскрипт) қосымшада барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практикалардың түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша көлемі академиялық кредиттер мен сағаттарда көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағалар көрсетіледі.

8. Аттестаттау комиссиясының шешімі

8.1 Магистрлік диссертация (жоба) қорғауды бағалау туралы, сондай-ақ дәреже беру туралы шешімді аттестаттау комиссиясы жабық отырыста отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.2 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен магистр дәрежесі беріледі және тегін негізде қосымшасы бар диплом беріледі. *(28.12.2023 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №7 хаттамасы)*

8.3 Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» және «магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған» тұлға ретінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен жоғары оқу орнынан оқудан шығарылады.

8.4 Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертация қорғаған тұлғаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша оң шешімі болған кезде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және қосымшасы бар диплом (транскрипт) беріледі.

8.5 Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын игерген және диссертацияны сәтті қорғаған жағдайда докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

9. Аттестаттау комиссиясының жұмысы мен шешімдерін хаттамалау, архивке жолдау

9.1 Магистратурада аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталған күннен кейін оның төрағасы магистранттарды қорытынды аттестаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде Факультет кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

9.2 Аттестаттау комиссиясы төрағасының магистранттарды қорытынды аттестаттау жөніндегі есебіне кестелер мен төмендегілер көрініс тапқан түсіндірме жазба енеді:

- аталған мамандық бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері;
- кешенді емтиханда анықталған магистранттардың біліміне мінездеме;
- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындаудың сапасы;
- магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;
- аталған мамандық бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;
- магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;
- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі;
- магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдамалар.

9.3 Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес университет архивінде сақталады.

9.4 Факультет декандары аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде магистратура түлектерінің электрондық архивін университет архивіне және университеттің ғылыми кітапханасына тапсыру үшін электрондық дискіде қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастырады.

9.5 Магистратура түлегінің электрондық архиві келесілерді қамтиды:

- 1) магистранттың жеке жұмыс жоспары;
- 2) магистрлік диссертация/диссертация рефераты бар жоба (материалды көшіре алмайтын форматта);
- 3) диссертацияны/жобаны антиплагиат бағдарламасында тексеру туралы есеп;
- 4) жарияланған жұмыстар тізімі;
- 5) магистрлік диссертацияның/жобаның ғылыми жетекшісінің пікірі;
- 6) маманның рецензиясы (ішкі және сыртқы);
- 7) диссертацияны сараптау актісі;
- 8) академиялық мәселер бойынша проректор бекіткен магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну туралы кафедраның кеңейтілген отырысынан үзінді (28.12.2023ж. № 7 хаттама өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілді).
- 9) стенограмма;
- 10) барлық оқу кезеңіндегі үлгерімнің орташа балының (GPA) шамасын есептей отырып, білім алушының транскрипті;
- 11) магистрлік диссертацияны қарау және магистр дәрежесін беру жөніндегі аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы.

9.6 Магистратура түлектерінің электрондық архивін университет архивіне және ғылыми кітапханаға беруге, тапсыру актісін ресімдеуге аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы жауапты болады.

10. Бітіртін шығару, ҰБДҚ-да тіркеу, жариялау туралы бұйрық шығару

10.1 Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистранттарды бітіртіп шығару туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы шығарылады.

10.2 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың диссертациялық кеңесінде диссертация қорғаған және ҚР БҒМ шешімі бойынша PhD доктор дәрежесін алған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың өзіндік үлгідегі білімі туралы құжаты беріледі.

10.3 Бітіруші түлектерге білім туралы құжаттар берілгеннен кейін Академиялық жұмыс департаменті бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесіне деректерді енгізеді.

10.4 Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры қол қойған жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімін Академиялық жұмыс департаменті тиісті бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынады, сондай-ақ университеттің сайтында орналастырылады. Тізім бітіруші түлек туралы келесі мәліметтерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламасының шифры мен атауы, берілген дипломдардың нөмірі.

10.5 Осы регламентке өзгерістер енгізу университеттің академиялық еркіндік шекарасындағы рәсімдерді жетілдіру мақсатында Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін немесе білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға ҚР БҒМ жаңа талаптарының енгізілуіне байланысты Академиялық жұмыс департаментінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді.

Ғылыми жетекшінің магистранттың диссертациялық жұмысына (жобаға) беретін пікірінің құрылымы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Атауы факультеті
Шифр-атауы білім беру бағдарламасының __ курс магистранты ТАӘ
«Толық атауы» атты диссертациялық жұмысына (жобасына)
пікір

1. Тақырыпты таңдау негіздемесі
2. Таңдалған жұмыс құрылымының негіздемесі
3. Қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігін бағалау
4. Магистранттың жасаған жұмысын, оның өз бетінше зерттеу жүргізу қабілетін бағалау
5. Жұмыстың оң жақтары
6. Ғылыми жетекшінің қорытындысы: 1) магистрлік жұмысты (жобаны) орындауға қойылатын талаптарға сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді; 2) аттестаттау комиссиясының отырысына қорғауға жіберіледі немесе жіберілмейді.

Ғылыми жетекші:
кафедрадағы лауазымы,
ғылыми дәрежесі, атағы
қолы, Т.А.Ә

202__ ж. «__» _____

Факультеттің
М.О.

Техникалық талаптар:
Times New Roman
14 кегль
Бір жолдық интервал.

Магистранттың диссертациялық жұмысына (жобаға)
берілетін рецензия құрылымы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Атауы факультеті
Шифр-атауы білім беру бағдарламасының __ курс магистранты ТАӘ
«Толық атауы» атты диссертациялық жұмысына (жобасына)
рецензия

1. Диссертациялық жұмыстың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестігін бағалау.
2. Тақырыптың өзектілігін бағалау.
3. Жұмыстың (жобаның) логикалық бірлігін, проблеманы шешу дәрежесін, зерттеудің аяқталғандығын бағалау
4. Зерттеу жүргізудегі білім алушының дербестік дәрежесін бағалау;
5. Жұмыста (жобада) жасалған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділік дәрежесін бағалау.
6. Жұмыс (жоба) тілінің ғылымилық деңгейін бағалау.
7. Даулы ережелер, жұмыстың кемшіліктері (бар болса).
8. Қорытынды: 1) балдық-рейтингтік жүйе бойынша диссертациялық жұмысты бағалауды; 2) магистрантқа білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша магистр дәрежесін беру жөніндегі ұсынымды қамтиды. Мысалы, А.Т. Смағұловтың диссертациялық жұмысы А «өте жақсы» (100 балл) бағасымен бағалануы мүмкін, ал оның авторы ізденіп отырған 7М01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесіне лайық.

Рецензент:

Лауазымы, жұмыс орны

Ғылыми дәрежесі/атағы (бар болса)

Қолы, ТАӘ

202__ ж. «__» _____

Рецензенттің ТАӘ қолы растаймын:

Кадр қызметі басшысының/маманының ТАӘ қолы

202__ ж. «__» _____

М.О.

Ескерту:

- 1) Рецензияда сарапшының жұмысты орындау сапасы туралы егжей-тегжейлі бағалау пайымдары қамтылуы тиіс;
- 2) Техникалық талаптар:
Times New Roman
14 кегль
Бір жолдық интервал.